

2022 жылдың наурыз айының 1-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу

Наурыздың бірінші онкүндігінде республиканың оңтүстігінің, оңтүстік-шығысының күздік дәнді дақылдар себілген аудандарында температуралық фон көбінесе нормадан 1...9°C, батыста 2...4°C жоғары болған, жауын-шашын барлық жерде нормадан жоғары жауған.

Түркістан облысының бақыланатын учаскелерінде «көктеу» - «3-жапырақ» фазасындағы күздік бидайдың қайта өсіп-өнуі байқалған, өсімдіктердің биіктігі 4-17 см. Дақылдардың жағдайы жақсы деп бағаланған, 1 м² аумақтағы өсімдіктердің орташа саны 148-332 данаға дейін жеткен. Жоңышқа шөбінің жағдайы көбінесе жақсы, Ордабасы ауданының Бүгін және Бәйдібек ауданының Екпінді агробекеттері маңайында қанағаттанарлық, даму фазасы - «өсімдік сабағының өсуі». Жоңышқа шөбінің биіктігі 5 см дейін жеткен.

Алматы облысында күздік бидайдың түптену тереңдігіндегі (3 см) топырақтың минималды температурасы 0°C минус 2°C дейін, Жамбыл облысында 0°C және Түркістан облысында плюс 1...4°C болған.

Жалпы алғанда, метеорологиялық жағдай күздік бидайдың қыстау кезеңінің аяқталуы үшін қанағаттанарлық болған.

Наурыздың бірінші онкүндігінде жайылымдық мал шаруашылығы аймағында аномалды ауа температурасының көрсеткіші оң, плюс 2...8°C аралығында болған. Жауын-шашын нормаға жуық және одан да көп жауған.

Онкүндіктің соңында Алматы облысының Жамбыл ауданында, Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында және Түркістан облысының Отырар ауданында оң ауа температурасы фонында дәнді шөптер (шалғынды көгілдір шөптер) мен аралас гүлді (жусан) өсімдіктердің көктемгі қайта өсіп-өнуі байқалған, сондай-ақ көптеген өсімдіктердің өсу жағдайы мен сипаттамасы қанағаттанарлық болған, бірақ тұтастай жасыл фон болмаған.

Қызылорда, Маңғыстау, Жамбыл, Атырау және Түркістан облыстарының жайылымдық мал шаруашылығы аудандарында қар жамылғысы жоқ.

Өткен онкүндікте жайылымдық мал шаруашылығының басым аумағында мал жайылған. Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданында, Қостанай облысының Арқалық ауданында, Қарағанды облысының Шет ауданында малдар қорада ұсталуда. Онкүндіктің басында Алматы облысының Жамбыл ауданындағы және Түркістан облысының Созақ ауданындағы жайылымдарға мал айдалған. Ауа райының қолайлы жағдайы Алматы облысының Жамбыл және Балқаш аудандарында, Атырау облысының Қызылқоға ауданында және Түркістан облысының Созақ ауданында байқалған.

Жайылымдар орташа және қатты тапталған, жер оттылығының жағдайы көбінесе қанағаттанарлық, Ақтөбе облысының Бірғыз ауданында, Алматы облысының Қаратал ауданында, Батыс Қазақстан облысының Казталов ауданында және Маңғыстау облысының Маңғыстау ауданында жер оттылығы нашар деп бағаланған.

Шымның жағдайы қатқак, кей жерлерде дымқыл, Қызылорда облысының Қармақшы ауданында және Түркістан облысының Отырар ауданында құрғақ.

Онкүндік бойы жайылымдық мал шаруашылығы аймақтарында мал тіршілігі, жайылатын мал басы үшін үлкен қауіп төндіретін қатты жел, көктайғақ құбылыстары, қырау және боран байқалған.